


Жеңімпаздар есімі анықталды

Тілдерді оқыту орталығының ұйымыдастыруымен өткізілген байқау өз мәресіне жетті

Ағымдағы жылдың 27-ші қазанында Меңдіқара ауданы әкімдігінің тілдерді оқыту орталығының ұйымдастыруымен Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына орай «Ыбырай оқулары» атты аудандық байқау онлайн форматта өтті.



Байқау жеңімпаздары

шеберлігін, тіл мәдениетін жетілдіру және Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру болды. Қызу тартысқа аудан бойынша мектептерден орта буын оқушыларынан 17 үміткер қатысты. Қазылар алқасының шешімімен «Тіл шамшырағы» номинациясын Г.Жұмбаев атындағы Боровской мектеп-гимназиясының оқушысы Меруерт Дүйсембаева, «Тіл білгірі» номинациясын А.Шотаев атындағы Боровской мектеп-гимназиясының оқушысы Нели Луговая, «Тіл шебері» номинациясын Введен жалпы білім беретін мектебінің оқушысы Регина Аппель иеленді.

Жүздеді I орынды Г.Жұмбаев атындағы Боровской мектеп-гимназиясының оқушысы Азат Серікбай, II орынды Архипов жалпы білім беретін мектебінің оқушысы Иван Грызлов, III орынды Жанкелді жалпы білім беретін мектебінің оқушысы Мәлеке Маратова иеленді.

Байқау жеңімпаздары мен қатысушылардың барлығы грамоталар және бағалы сыйлықтармен марапаттады.

Байқаудың негізгі мақсаты – Ыбырай Алтынсариннің өмірімен таныстыру, рухани асыл-мұраларын насихаттау, көркемсөз оқу шеберлігін, тіл мәдениетін жетілдіру.

Байқауға аудан бойынша 18-35 жас аралығындағы жастар қатысып, өз бақтарын сынады.

Байқау соңында қазылар алқасы өздерінің әділ шешімін шығарды. «Мен Ыбырайды оқимын» номинациясын К.Дөненбаева атындағы кәсіптік-техникалық колледжінің мұғалімі Вадим Гилязов иеленді. Ал, жүздеді I орынға Г.Жұмбаев атындағы Боровской

мектеп-гимназиясының мұғалімі Бақытжамал Кеңшілік қол жеткізе, II орын А. Шотаев атындағы Боровской мектеп-гимназиясының мұғалімі Рысты Мұздаханға бұйырды. III орынды Степановка жалпы білім беретін мектебінің мұғалімі Аружан Ибраева өз қанжығасына байлады. Байқауға қатысқандардың барлығы грамоталар және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Тілдерді оқыту орталығы қызметкерлері Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына және ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Тіл шамшырағы» атты аудандық байқау ұйымдастырған болатын. Қазан айының 29-ы күні аталмыш байқау өз мәресіне жетті.

Байқаудың негізгі мақсаты – Ыбырай Алтынсариннің өмірімен таныстыру, рухани асыл-мұраларын насихаттау, көркемсөз оқу